3	Абилова Салтанат Бауыржановна	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	«Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы оқушыларды оқу	17.01. 2024	"Жітіқара ауданы білім бөлімінің №4 ЖББМ" КММ

			қызметіне ынталандыру»		
4	Сагнаева Марина Бекназаровна	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Цифрлық білім беру ресурстары қазіргі мұғалімнің құралы ретінде»	07.12.202 3	"Жітіқара ауданы білім бөлімінің №12 ЖББМ" КММ
5	Умралинова Айман Бексултановна	Ағылшын тілі мұғалімі	«Шет тілін оқытуда тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға 4К тәсілі»	14.03. 2024	"Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы МЛ" КММ
6	Умралинова Айман Бексултановна	Ағылшын тілі мұғалімі	«Стратегия успеха воркшопа для учителей английского языка»	06.03. 2024	"Жітіқара ауданы білім бөлімінің гимназия сы" КММ
7	Умралинова Айман Бексултановна	Ағылшын тілі мұғалімі	«Как вовлечь учащихся: не только про актуальность, технология и развлечения»	31.01. 2024	"Жітіқара ауданы білім бөлімінің №12 ЖББМ" КММ
8	Митанов Абат Уразакович	Көркем еңбек мұғалімі	«Современные техники декоративно- прикладного творчества»	20.03. 2024	"Жітіқара ауданы білім бөлімінің БШҮ" КММ
9	Шанкамилова Жузумгуль Жеткергеновна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Современные техники декоративно- прикладного творчества»	20.03. 2024	"Жітіқара ауданы білім бөлімінің БШҮ" КММ
10	Кужина Самал Умербековна	Математика, информатика мұғалімі	«4К құзыреттілігі ШЖМ сабақтарында қалыптастыру	04.03. 2024	"Жітіқара ауданы білім бөлімінің

			және бағалау»		Большеви к НМ" КММ
11	Қайырбек Сайна Жанатқызы	Оқу-тәрбие ісінің орынбасары	«4К құзыреттілігі ШЖМ сабақтарында қалыптастыру және бағалау»	04.03. 2024	"Жітіқара ауданы білім бөлімінің Большеви к НМ" КММ

2023-2024 оқу жылының жариялымы

2023 жылғы жариялымы				
1.	Тулубаева К.С.	«Ұлы даланың ұлы тұлғалары»	«Учите льская +»	№3 22.01.2023
2.	Тлекешева С.А.	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үрдісінің маңыздылығы	«Учите льская +»	№3 20.01.2023
3.	Узакбаева Д	Қазақ тілі – дана тілі	«Учите льская +»	№8 24.02.2023
4.	Орунбаева Б.	Балаға қажет жағдай	«Учите льская +»	№9 03.03.2023
5.	Кужина С.У.	Баланың дамуындағы маңызды қадам	«Учите льская +»	№17 05.05.2023
6	Баймухамбетов Б.	Математикалық сауаттылық өмірде қажет	«Учите льская +»	№20 26.05.2023
7	Маканбетова Г.Н.	Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес	Житик аринск ие новост и	№24 22.06.2023
8	Култанова С. Г.	«Асық ойындарының ерекшелігі»	«Учите льская +»	№47 15.12.2023
9	Казанбаева Ж.Ж.	Функционалдық сауаттылықтың бастауы	«Учите льская +»	№6 16.02.2024

Мұғалімдердің жеке кәсіби парақшаларын жүргізеді

№	Педагогтардың аты – жөні	Лауазымдық міндеті	Инстаграм парақшасы
1	Кужина Самал Умербековна	Математика мұғалімі	https://instagram.com/ustazmekt ep?igshid=YmMyMTA2M2Y=
2	Шанкамилова Жузумгуль Жеткергеновна	Бастауыш сынып мұғалімі	https://www.instagram.com/uzdikpedagog94?igsh=MWprdGJyOWkzMWI0Ng==
3	Казанбаева Жанна Жамантаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	https://www.instagram.com/reel/Cn_Xnd3ucTW/?igshid=OGRjNzg3M2Y=
4	Култанова Самал Габдумаликовна	Әдіскер	https://instagram.com/mini_centr_9shkola?igshid=ZDdkNTZiNTM=

Қорытынды:

Мектеп мұғалімдерінің елеулі тәжірибесіне қарамастан, кәсіби жетістіктерінің мониторингісі қанағаттанарлық деңгейде деп жалпылауға болады. Алайда, мұғалімдердің олимпиадаларда, кәсіби шеберлік сайыстарға қатысуы-төмен; мұғалімдердің авторлық оқу құралдарының, бағдарламалардың болуы-төмен, 6 жұмыс жоспарланды, екеуін ғана ұсындық; мұғалімдерінің ғылыми-практикалық конференцияларда, форумдарда, педагогикалық оқуларда, фестивальдерде қатысуы-өте төмен; мұғалімдерінің семинарларда, шеберлік сыныптарында, дөңгелек үстелдерде қатысып, сөз сөйлеп өз тәжірибесімен бөлісуі қанағаттанарлық. Озық тәжірибе тарату жоқ. Бұл мұғалімдердің кәсіби күзiреттiлiктiң жоқтығын сезiндiредi.

Педагогтердің біліктілік арттыру туралы мәліметтер:

Мұғалімдердің сапалы білім деңгейін талдау мұғалімдердің үнемі өз біліктілігін арттырып отырғанын көрсетеді. Бұған педагог кадрларды аттестациялау шеңберінде қайта даярлау курстарынан жоспарлы өту және мұғалімдерді ынталандыру бойынша жүйелі жұмыс ықпал етеді. "Өрлеу "Біліктілікті Арттыру Ұлттық орталығы" АҚ және "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы базасында өтетін педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға біліктілікті тұрақты арттыру ықпал етеді.

Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің курстық дайындықтан жоспарлы өтуін қамтамасыз етеді. Курстан кейінгі кезеңде педагогтармен жұмыс жүргізілуде. Біліктілігін арттыру курстары бойынша ақпарат келісiдей:

Біліктілігін арттыру курсынан өтуі бойынша құрамы:

Педагогтер саны- 25, оның ішінде

Қысқамерзімді курстан өткендер саны- 9

Тақырыптық курстан өткендер-4

Деңгейлік курстан өткендер-9

Инклюзив бойынша- 6

Курстан мүлдем өтпегендер- 2

Курстан өтпеген мұғалімдер: Жубанышбек М. Б., Кожахметова Ж.Х., Куандыкова Д.Н., Сапабек А.Е.. Жаңадан келген ұстаздар, осы оқу жылы курстан өтуге тырысады. Жубанышбек М. Б.- 03.04.2023ж, Кожахметова Ж.Х. - 03.01.2024ж., Куандыкова Д.Н. – 18.03.2024ж., Сапабек А.Е. – 01.09.2023 жылы жұмысқа тұрды. Сапабек А.Е. – 10 маусымнан бастап тақырыптық курстан өтуде.

Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша математика, информатика, биология пәндерін мектебіміздің мұғалімдері оқытады. Олар пәнді ағылшын тілінде өткізу бойынша курстардан өтпеген. Физика, пәнің қосымша қызметкерлер оқытады. Жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдердің үлесі-0%.

3. Білім алушылар контингенті.

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

ҚОӘББ «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Естай Есжанов атындағы № 9 жалпы білім беретін мектебі» КММ бойынша 2023 – 2024 оқу жылын 141 оқушымен бастады. 2023-2024 оқу жылының соңында 137 оқушыны құрады. Сонын ішінде: 1-4 сыныптарда - 60 оқушы, 5-9 сыныптарда- 73 оқушы, 10 сыныпта- 4 оқушы. Мектептің бітіру сыныптарда 9 сыныпта- 21 оқушы, 11 сынып- жинақталмаған.

Білім алушылар контингентінің қозғасысы туралы мәліметтер:

Оқу жылы	Жыл басында	Жыл соңында
2023-2024	141	137

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	1-4 сыныптар	5-9 сыныптар	10-11 сыныптар
2023-2024	137	60	73	4

Қазіргі уақытта сыныптар 8 – 20 оқушымен толтырылған. 2023-2024 оқу жылындағы сыныптардың толықтығы төмендегідей:

Сынып	Оқушы саны
1	23
2	12
3	11
4	14
5	19
6	14
7	11
8	8
9	21
10	4

Оқу жылы бойынша 5 оқушы мектепке келді, сонын ішінде 1 оқушы қала бойынша, 1 оқушы облыстан, 3 оқушы республика мектептерінен.

Оқу жылы бойынша мектептен шығып кетті 9 оқушы, сонын ішінде қала бойынша 1, облысқа –5, республикаға- 3.

Жыл сайын оқушы саны азаюда. Кету себептері көбіне төмендегідей:

-қала ішінде мекен-жайының ауысуына байланысты, жақынырақ мектепке ауысады;

-басқа қалаларға қоңыс аударуына байланысты, мектептен кетеді;

-9 сынып түлектерінің колледждерге толықтай түсулері.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылар 2023 – 2024 оқу жылында – жоқ.

4. Оқу- әдістемелік жұмыс.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына болуы және сәйкестігі.

Жұмыс оқу жоспары:

Оқу жұмыс жоспары жыл сайын әзірленеді, №1 мектеп педагогикалық кеңесінде бекітіледі және Қостанай облысы білім басқармасының "Жітіқара ауданының білім бөлімі" ММ сараптамадан өтеді. 2023 – 2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспары келесі нормативті құжаттар негізінде жасалған:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

– 2023 – 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хаты.

10 сыныпта білім беру процесі келесі құжаттардың негізінде құрылған:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім

берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің тандау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

– 2023 – 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хаты.

1 – 4 сыныптардың жұмыс оқу жоспарының құрылымы екі компонент арқылы жасалған: инварианттық және вариативтік. 1 – 4 сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспарының инварианттық компоненті алты саладан тұрады: «Тіл және әдебиет», «Математика, информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру».

2 сыныпта «Орыс тілі» пәні қосылып, «Шетел тілі» оқытылмайды. Және 1 сағат вариативті компонентке қосылды.

1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» дүниетану пәні аясында жүзеге асырылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта – 10 сағат. «Жолда жүру ережелері» сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта жүзеге асады. Әр сыныпта 6 сағат.

Вариативті компонентіне: жеке және топтық дамыту сабақтары бойынша келесі курстар енгізілді:

1 сыныпта (1 сағат) «Сөз өнері»

2 сыныпта (2 сағат): 1 сағаты «Оқы, сана, ойла», 1 сағаты «Ақ ладья»

3 сыныпта (1 сағат): «Жұмбақтар сандығы»

4 сыныпта (1 сағат): «Сықырлы суреттер әлемі» бекітілді.

Вариативтік компонент				
Сыныптар	1 с	2 с	3 с	4 с
Дамушы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	1	1	1
«Сөз өнері»	1			
«Оқы, сана, ойла»		1		
«Ақ ладья»		1		
«Жұмбақтар сандығы»			1	
«Сықырлы суреттер әлемі»				1
Вариативтік оқу жүктемесі	1	1	1	1
Ең жоғары оқу жүктемесі	19,5	24	26	26

5 – 9 сыныптардың жұмыс оқу жоспарының құрылымы екі компонент арқылы жасалған: инварианттық және вариативтік.

Негізгі орта білім мазмұнын *инварианттық компоненті* алты білім саласын құрайды: «Тіл және әдебиеті», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене

шынықтыру».

Вариативті компонентіне «Жаһандық құзыреттілік» курсына сыныптар бойынша юнит мазмұндары: «Парасаттылық және әдеп», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Өмір сүру қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет» және 9 сыныпта «Зайырлылық және дінтану» юниты қарастырылған.

Вариативтік компонент					
Сыныптар	5 с	6 с	7 с	8 с	9 с
Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	0,5	1
Элективті курстар	-	-	-	-	-
Вариативті оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1
Ең жоғары оқу жүктемесі	28,5	28,5	31,5	32,5	34

10 сыныпта жұмыс оқу жоспарының құрылымы екі компонент арқылы жасалған: инварианттық және вариативтік.

Жалпы орта білім мазмұнын *инварианттық компоненті* 16 негізгі пәндерден тұрады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады.

Вариативті компонентінің 1 сағаты «Жаһандық құзыреттілік» курсына берілген. Оқу курсының мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген екі бөлімнен тұрады: 1-бөлім – «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 2-бөлім – «Қаржылық сауаттылық». Осы курстың мазмұнында заманауи экономикалық жүйелердің құрылымы мен толықтай экономикалық кешенді түсінік береді.

Элективті курстың *1 сағаты* «Экологиялық әдеп» курсына, *1 сағаты* «Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер» факультативтік курсына берілген.

Вариативтік компонент	
Сынып	11
Жаһандық құзыреттілік	1
«Экологиялық әдеп»	1
«Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер»	1
Вариативті оқу жүктемесі	3
Ең жоғары оқу жүктемесі	35

Оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлемі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім министрінің бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта

білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығына сәйкес «2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдерін айқындау туралы Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттаудан өту барысына ағымдағы мониторинг жүргізудің үлгілік ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен «Орта білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды орта техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беруді ұйымдастыру», "2023-2024 оқу жылында жазғы мектепті ұйымдастыру туралы" "Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 13 мамырдағы № 363 бұйрығы негізінде

- 2023 - 2024 оқу жылының басталуы - 2023 жылғы 1 қыркүйек;

- оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-9, 11 сыныптарда – 34 оқу аптасы.

Оқу жылындағы демалыс кезеңдері:

1-11 сыныптарда: күзгі каникулдар – 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2022 жылғы 29 желтоқсаннан 2023 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 9 күн (21-нен 31 наурызға дейін). 1-сыныпта қосымша демалыстар 7 күнді құрайды (2023 жылғы 5 ақпаннан 11 ақпанды қоса алғанда).

Сабақ кестесі:

Сабақ кестесі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес құрастырылған.

Мектепте оқу жылының басында сағат 8.30 басталады. Мектепте 2 және 4 сабақтан кейін 15 минуттық үлкен үзілістер қарастырылған, оқушылар тамақтануы және оқу кабинеттерінің ылғалды тазалау және желдетуі ұйымдастырылады. Сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді және мектептің қамқоршылық кеңесімен келісіледі.

Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп арттыра отырып, оқу сабақтарының «сатылы» режимі қолданылады. Қыркүйекте 35 минуттық үш сабақ өткізіледі, қазаннан бастап - барлық сабақтар 45 минутты құрайды. Сабақтарда дене шынықтыру сабақтары мен көзге арналған жаттығулар өткізіледі.

жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

Оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру толық көлемде жүзеге асырылады. 2023-2024 оқу жылында инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерін таңдау бойынша жалпы білім беретін пәндер мен курстар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Электрондық журнал жүйесіндегі күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау "Күнделік" жалпы білім

беретін пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуын көрсетеді. Сәйкес мереке күндеріне түскен тақырыптар "Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарындағы оқу процесінің ерекшеліктері туралы" нұсқаулық-әдістемелік хатпен басқа күндерге ауыстырылады. Бұл жағдайда сабақ тақырыптары / оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес біріктіріледі. Журналда біріктірілген сабақтардың тақырыптары бір жолда көрсетіледі.

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен Таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Тәрбие жұмысы 2023-2024 оқу жылы

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін, әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі негізгі нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету барысында тәрбие жұмысының қызметін реттейтін құқықтық құжаттар, Қазақстан Республикасының заңдары, аймақтық бағдарламалардың ережелері ескерілді.

- 1) БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы ;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы ;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы ;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы ;
- 8) Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды

дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ;
9) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы ;

10) «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 12.06.2020 жылғы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

12) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы No 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;

13) «Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы, Білім министрінің бұйрығымен жаңа редакцияда) Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 534);

14) «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен 2016 ж. Қазақстан Республикасының 2022.05.31 № 251);

15) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің терроризмге осал объектілерді және терроризмге осал объектілерді, білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы № 112 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117);

16) «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы)

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сәйкес жалпы білім беретін мектептің 7-11 сынып оқушыларының кәсіби диагностикасын жүргізу құралдарын пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар; ерекше қажеттіліктері бар балаларға мамандық таңдау кезінде отбасының, мектептің және жұмыспен қамту органдарының өзара іс-қимылы бойынша әдістемелік ұсыныстар ескерілді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығына сәйкес (ҚРБЖҒ министрі) Сынып жетекшілерінің лауазымдық міндеттері бекітіліп, қоғамдық іс-шаралардың қауіпсіздігін құжаттамалық қамтамасыз етіліп, мектептен тыс іс-шаралар (шығу) қауіпсіздігін құжаттамалық қамтамасыз етілді.(қажетті бұйрықтарды шығару, жоспарларды, кестелерді бекіту).

Балалар мен жасөспірімдер деструктивті мінез-құлқының алдын алу жөніндегі республикалық және өңірлік жоспарлардың, жол карталарының тізбесі арқылы ұйымдастырылды. Олар:
Республикалық: 1) Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің балаларды

құмар ойындар мен компьютерлік ойындарға тәуелділіктен сақтандыру бойынша Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыс әкімдіктерінің жұмысын ұйымдастыру бойынша (лудомания) 2023-2024 оқу жылына арналған жол картасы; 2) Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің және білім беру ұйымдарының оқушылар мен жастар арасында электронды темекіні/вайптарды пайдаланудың алдын алу жөніндегі қызметін ұйымдастырудың 2023-2025 жылдарға арналған жол картасы; 3) Жол картасы «Балалар. Ғаламтор. БАҚ қауіпсіздігі» 2023-2024 оқу жылына ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру туралы; 4) «Қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған шараларды қабылдау, атап айтқанда, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, сондай-ақ ұйымдарда білім алушылардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру бойынша жүйелі және өзара байланысты жұмыстарды жүргізу туралы» бірлескен бұйрығы. техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру » 2030 жылға дейін;

5) Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары;

6) Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбие берудің 2023-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары;

7) Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары;

Облыстық: 1) Қостанай облысында құқық бұзушылықтың алдын алудың 2023 жылға арналған кешенді жоспары;

2) Қостанай облысында баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және жасөспірімдер арасындағы суицид мәселелерін шешудің 2020-2023 жылдарға арналған жол картасы;

3) 2022-2024 жылдарға арналған суицидтің, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, есірткі және психотроптық заттарды пайдаланудың, балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу жөніндегі ведомствоаралық жоспар;

4) Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың 2023 жылға арналған кешенді жоспары;

5) Қостанай облысының қосымша білім беру жүйесінде экологиялық-биологиялық бағытты дамытудың 2020 - 2023 жылдарға арналған жол картасы;

6) Есірткі, психотроптық заттарды және сол тектестерді қолданудың зардаптары туралы ақпараттандыруға бағытталған колледждердің, жоғары оқу орындарының және жалпы білім беру ұйымдарының студенттері арасында профилактикалық іс-шаралардың бірлескен жоспары;

7) 2023-2024 жылдарға арналған мас күйінде жасалған қылмыстардың профилактикасы тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру жөніндегі жол картасы;

8) Қостанай облысында этносаралық қатынастарды дамытудың 2023 жылға

арналған ведомствоаралық жоспары.

Кешенді жоспарды іске асыру механизмдері әр айға бөлініп жоспар құрылды.. Әр айға арналған іс-шаралар,сынып сағаттары уақытылы өз деңгейінде өткізіліп отырды.

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

-1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары

-5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

-Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидіңтуғанына 930 жыл

-Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдіңтуғанына 80 жыл.

ҚАЗАН АЙЫ– АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ

-1 қазан - Қарттар күні

-5 қазан – Мұғалімдер күні

-25 қазан – Республика күні

-Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл

-Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - ЖүсіпКөпеевтің туғанына 165 жыл

-Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

-Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі ЖүсіпбекАймауытовтың туғанына 135 жыл

-Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл

-Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл

-Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

-15 қараша - Ұлттық валюта күні

-Күзгі демалыс

ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ айы

-16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД»айы

-Қысқы демалыс

АҚПАН АЙЫ- «ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ»

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ- ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ АЙЫ

-1 наурыз – Алғыс айту күні

-8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

-21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

-27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

СӘУІР - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

-12 сәуір - Ғылым күні

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл.

Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету барысында сынып жетекшілерге арналған семинар: «Сынып жетекшісі – тұтас тәрбие жүйесінің негізгі ұйтқысы»; **облыс көлемінде өткізілсе, мектебімізде «Ата-аналар мектебі»** жобасын іске асыру мақсатында «Шебер ана мен икемді қыз» тақырыбында мастер-класс, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» тақырыбында «Сынып жетекшілерінің "Біртұтас тәрбие" тұтас тәрбие бағдарламасының барлық сатыларын іске асыру» педагогикалық кеңес ұйымдастырылып өткізілді. Бұл тақырып сынып жетекшілерінің ӘБ отырысында да қаралып барлық орындалған іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланды. #Біртұтас_тәрбие хештегімен хештегтегіелді.

Сонымен қатар Республикалық және облыстық жобаларды жүзеге асырылды.

- «Мектеп парламенті»;
- «Дебат қозғалысы»;
- «Оқитын мектеп»;
- «Балалар кітапханасы»;
- «Еңбегі адал жас өрен»;
- «Жеткіншектің жеті жарғысы»;
- «Ұлттық мектеп лигасы»;
- «Балалар және театр»;
- «Төрт тоқсан – Төрт өнер»;
- «Тоғыз айға 9 іс-шара»;
- «Үндестік»

Келесі кезеңде жобаларға тоқталып кетейік.

1. «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жұмыс есебі бойынша мектептегі Парламент Президентін сайлауын ұйымдастыру және Парламент құрылымын құру, фракция жетекшілерін тағайындау өткізілді. Әр фракцияда отырыстар өткізіліп, жылдық жоспары құрылды.

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясының ұйымдастыруымен:

- «Ұстазыма мың алғыс» челленджін өткізді.
- «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында 8-10 сынып оқушылары арасында сурет байқауын өткізді .
- «Мейірімді жүрек» акциясы ұйымдастырылды. Қамқорлық фракциясы мен бірлесе отырып, фракция мүшелері мектебіміздің аз қамтылған оқушыларына азық-түлікпен қамтамасыз етті.
- «Асханаға 1 күндік көмек» атты челленджін ұйымдастырды.
- «Әдеп – ең қымбат мирас» сынып сағаттары өткізілді.
- «Өзін-өзі тәрбиелеу-өзімен жұмыс жасау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.
- «Тұлғаның қалыптасуы» атты тақырыпта пікір-сайыс өтті.
- «Ұстазыма мың алғыс» атты челлендж өткізілді.

Экология және еңбек фракциясының ұйымдастыруымен:

➤ «Қоқыссыз әлем» тақырыбында оқушылардан репортаж алынды.

➤ Жас көшеттер отырғызу акциясы өткізілді.

➤ Мектеп оқушыларына электронды сигареттің зиянын түсіндіру мақсатында үгіт насихат жүргізілді.

➤ Қалалық «ProEco» экологиялық үгіт-насихат байқауына қатысты.

➤ «Құстар ұяшықтары» байқауы өткізілді.

➤ «Қалдықысыз пикник» акциясын ұйымдастырылды.

➤ Экологиялық жәрмеңке өткізілді.

Спорт және салауатты өмір салты фракциясының ұйымдастыруымен:

➤ Денсаулық күніне арналған іс-шаралар (флешмоб, эстафета, ұлттық ойындар, футбол өткізілді.

➤ Мектеп ішілік спорт апталықтары өткізілді.

➤ Волейбол, баскетбол, үстел тенісі, ұлттық ойындарға дайындық өтті.

➤ «Денсаулық күні» аясында 7-8 сыныптар арасында футбол жарысы ұйымдастырылды.

➤ 5-10 сыныптар арасында қысқы президенттік көп сайыс жарысы өткізілді.

➤ 7-10 сыныптар арасынан қалалық волейбол жарысына қатыстырылды.

➤ 3-0 сыныптар арасында ұлттық ойындар өткізілді.

➤ «25қазан – Республика күні» мерекесіне орай 3-8 сыныптар «Бес асық», «тоғызқұмалақ», «асық ату» ойындары ұйымдастырылды.

Ақпарат фракциясының ұйымдастыруымен:

➤ «АбайNEWS» жаңалықтары түсірілді.

➤ «Туған тілім-тұғырым» тақырыбында репортаж ұйымдастырылды.

➤ Мектеп оқушылары арасында «Мекнің мектебім» тақырыбында сұхбаттар алынып, видеоролик жүргізілді.

➤ «Ең үздік шығарма, ең үздік эссе, еркін тақырыпта шығармалар жарысы өткізілді».

➤ «Жас тілші» байқауы өткізілді.

➤ 8-наурыз халықаралық әйелдер күні мейрамын құттықтау түсірілді. 22-наурыз іс-шарасына эссе жазылды.

➤ Халықаралық достық күніне арналған «Бірлік барда тірлік бар» атты дөңгелек үстел өтті.

Құқық және тәртіп фракциясының ұйымдастыруымен:

➤ «Конституция Мемлекеттің негізгі заңы» тақырыбында фракция отырысы өткізілді.

➤ «Сен өз құқығыңды білесің бе?» (Бала құқығы туралы ҚР-ның заңы бала құқығы туралы Конвенция) атты тренинг өткізілді.

➤ Не? Қайда? Қашан? атты интеллектуалды ойындар өткізілді.

➤ Сыбайлас жемқорлыққа көз қарасың қандай? Бірге қалай төтеп береміз? тақырыбында презентация қорғалды.

➤ 7-9 сыныптар арасында «Біздің тәртібіміз» атты отырыс өтті.

➤ «Ата-заң дегеніміз не? Оны қалай сақтап қала аламыз?» тақырыбында презентация қорғалды.

➤ «Құқығым бар» атты интеллектуалдық ойын жүргізілді.

Мәдениет және өнер фракциясының ұйымдастыруымен:

➤ Ұстаздар күніне арналған мерекелік өткізілді. 8-10 сыныптар арасында «күз ханшайымы мен ханзадасы» сайысы өтті.

➤ «Сыбдыры сұлу-Алтын күз!» тақырыбында 8-10 сыныптар арасында байқау өткізілді.

➤ «80-90 жылдар біздің көзімізбен» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында би жарысы өтті.

➤ Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған мәнерлеп оқу сайысы өтті.

➤ «Қош келдің, өз-Наурыз!» мерекелік кеш өткізілді.

➤ 7-10 сыныптар арасында «Мамандықтар әлемі» байқауы өтті.

➤ «Ауғанның от жалыны» атты патриоттық ән байқауы өтті

Қамқорлық фракциясының ұйымдастыруымен:

➤ «Қарттарым - асыл қазынам» атты акциясы аясында ардагер ұстаздарды, ардагерлерді құттықтау ұйымдастырылды.

➤ Оқулыққа қамқорлық акциясын ұйымдастырды.

➤ «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында байқау ұйымдастырылды.

«Оқырман сыныптар» анықталды.

➤ «Денсаулық және сұлулық» тақырыбында сурет байқауы өтті.

➤ «Құстар ұясы» атты құстарға арналған ұяшықтар жасалды.

➤ «Үлкен жүрек» атты қайырымдылық марафоны ұйымдастырылды.

Фракция жұмысының қорытынды есептері әр апта сайын Мектеп Парламентінің отырысында талқыланып отырды. Оқу жылының соңында үздік фракция жетекшісі марапатталып, болашақ «Мектеп Парламенті Президенті» мен фракция жетекшілерінің сайлауы өтті.

3. Оқуға құштар мектеп» жобасының жұмысы.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткізілген 20 минуттық кітап оқу сағатына сыныптардың кестесі бойынша бастауыш, орта буын оқушыларының қыркүйек, қазан, қараша айларында белсенділігін байқауға болады. Басқа айларда қатысу көрсеткіші төмен болып отыр. Үстіміздегі оқу жылы оқу сағатын жандандырып, «Кітап жарнамасын» қолға алу жоспарланып отыр.

2023-2024 оқу жылындағы жоспарға сәйкес кітапханада төмендегідей іс-шаралар атқарылды:

- ✓ Атаулы күндер бойынша әртүрлі іс-шаралар;
- ✓ ««BookBest» кітап алмасу акциясы;
- ✓ Bookdating
- ✓ Bookdiwing
- ✓ Кітапханалық квилт
- ✓ **Буккроссинг**
- ✓ «Бір ел - бір кітап» республикалық акциясы;
- ✓ «Оқуға құштар мектеп» жобасы
- ✓ КИТАРФЕСТ» кітап фестивалі
- ✓ Қаламыздағы кітапханалармен әріптестік байланыс

2023-2024 оқу жылында кітапхана тарапынан 59 іс-шаралар жоспарға сай өткізілді. Былтырғы жылмен салыстырғанда 20 іс-шараға артық өткізілген.

Оқырмандарымыздың танымдық үрдісіне баса назар аударылған шаралардың

көп өткізілгенін байқауға болады. Сонымен қатар, балаларды кітап оқуға тартуға үлкен әсер ететін ең маңызды әрі басты институт - отбасы. Балалардың кітап оқуға деген көзқарасы, олардың оқырмандық мәдениетінің артуы көп жағдайда ересектерден алған үлгіге байланысты. Отбасылық кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту, оқырмандардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқыту арқылы оқырман отбасын анықтау мақсатына да баса назар аударылып, тиісті жұмыстар, іс-шаралар өткізілді.

Кітапхана жұмысының әлді жақтары:

- кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім және Ғылым Министрлігінің бұйрықтары мен өкімдерін, мектеп-лицей кітапханасының дамуын белгілейтін мектеп-лицей директорының бұйрықтары мен шешімдерін басшылыққа ала отырып жұмыс атқарды;

- кітапхананың негізгі мақсаттары мен міндеттері толықтай жүзеге асырылды;

- «Оқуға құштар мектеп» жобасы жан-жақты қолға алына бастады;

- оқушылардың кітапханаға келу көрсеткіші өсті.

Әлсіз жақтары:

- оқушыларымыздың көркем әдебиетке қызығушылығының төмендігі;
- оқушыларымыздың кітапхана тарапынан өткізілетін іс-шараларға қатысу белсенділігінің төмендігі;

- сынып жетекшілерінің ақпаратты толық білім алушыларға жеткізбеуі;
- ақпараттық насихат шараларының аз болуы.

Шешу жолдары:

- «Оқуға құштар мектеп» жобасын әліде болса жандандыру;

- кітап оқуға қызығушылықтарын арттыратын шараларды көбейту;

- үгіт-насихат жұмыстарын көбейту;

- «Кітап жарнамасы» іс-шарасы арқылы кітап оқуға қызықтыру;

- 20 минуттық кітап оқу сағатын аптасына үш рет өткізуді қолға алу;

- оқушылардың іс-шараларға қатысу белсенділігін арттыратын тетік жолдарын ұйымдастыру;

- ата-ана - мектеп - кітапхана байланысы арқылы жастарымызды кітап оқуға тарту, баулу.

3. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында жүзеге асырылады.

Жоба еңбек адамының мәртебесін көтеруге, еңбек мәдениетін дәріптеуге бағытталады. Жоба шеберінде оқушыларға кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетіліп, өз міндетін адал және жауапкершілікпен атқаруға баулуды және еңбек адамын құрметтеуге үйретті.

Бұл жобада мынындай іс-шара жоспарланып, орындалды.

-«**Қарттар күніне**» арналған іс-шаралар(құттықтау және ашық хаттар жіберу,көмек көрсету), (1-10 сынып)

-Сынып сағаты: «**Адалдық-атадан қалған мұра**»ұрпақтар сабақтастығын насихаттау. (1-10 сынып)

-Тәрбие сағаты:«**Үнемдік инноваторы**». Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған.(1-10 сынып)

-Сынып сағаты: «**Еңбекқорлық және оның табысқа әсері**» (1-10 сынып)

-Сынып сағаты: **«Достық – көмекпен мықты»**(1-4 сынып)
-Пікірталас:**«Өзінді мамандықтар әлемінде тап»** (8-10 сынып)
-Сыныптан тыс іс-шара:**"Табиғат кереметі"** (1-4 сынып)
-Сынып сағаты **«Батылдық, батылдық және абырой»** (1-10 сынып)
-Ата-аналар жиналысы: **«Таным.Тағылым.Тәрбие».** (1-10сынып).
Жалпы, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, еңбектің маңыздылығын мойындап және оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру үшін жағдай жасалды.

Жобаны жүзеге асыру үшін оқушылардың өзі тұратын қаладағы табысты еңбек азаматтарымен бірлескен шеберлік сағаттарын, қолөнершілер фестивальдерін, кәсіптік бағдар берудің ғылыми жобаларын, конкурстарын және өңірдегі өндірістік орындар мен кәсіпорындарда тәжірибе аландарын ұйымдастыруда осындай іс-шаралар қамтылды. Бұл жобалар ары қарай жалғасын тауып, жақсы нәтиже беруі сөзсіз. **«Еңбегі адал жас өрен»** жобасының жоспары

4.«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы сапалы ұлт болашағын қалыптастырудағы жеке тұлғаның салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін арттыру, дене шынықтыруды кеңінен насихаттау мақсатында жүргізіледі. Осыған орай өткізілген іс-шара сынып сағаттары да салауатты өмір салтын сақтауға байланысты болды.

1.**«Денсаулық күні» «Сергіту сәті»**челлендж. (1-10 сынып)

2.Дөңгелек үстелі: **«6 денсаулық жағдайы – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, жақсы көңіл-күй, депрессиясыз»** Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл. (1-10 сынып)

3. Сынып сағаты:**"Мәдениет, денсаулық және дұрыс тамақтану»** (1-10 сынып)

4. Ұлттық ойындар: **«Алтын сақа»** . (1-10 сынып)

5. Спорттық ойын:**«Ұлттық ойын-ұлттық қазына»** садақ атау.(5-10сынып)

6.**« Қош келдің Наурыз!»** (жеке жоспар) Ұлттық ойындар

7.**«Денсаулық FEST»** Жоба аясында көрсетіліп отырған нәтижелер де көз қуантарлықтай. Оқушылардың дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысып, ұлттық спорт түрлерімен танысып, ұлттық спортқа деген қызығушылығы артты. Және де оқушыларға Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің **«Денсаулықтың 6 шарты»** қағидатын ұстану (таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу) ұсынылады.

5.«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық пен мемлекеттілікке ерте тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылады. Жоба құқықтық сананы, құқықтық қатынастарды, белсенді заңды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін, құқықтық мәдениетті қалыптастыратын адамға мақсатты, ұйымдасқан және жүйелі әсер етуді көздейді.

Жоба шеңберінде **«Жеке қауіпсіздік», «Буллингке қарсы тұру мәдениеті»** шараларымен қатар келесі мәселелерге назар аудар

аударылды.

Сол себепті мынандай сынып сағаттары өткізілді: сынып сағаттары жас ерекшеліктеріне сай беріліп отырды. Сынып сағаты «Қожа Ахмет Ясауи даналық тағылымы» (5-10 сыныптар)

Сынып сағаты «Жол ережесін білесің бе?» (1-4 сынып), Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Ұлы даланың халықаралық тілі» іс-шаралары.

Сынып сағаты: «Қазақстан-біртұтас ел ,біртұтас жер» (1-4 сынып), «Тарих пен тіл тағдырлас» (5-10 сыныптар)

Сынып сағаты: «Құқықтық мәдениет және оның маңызы» (5-10 сыныптар)

Сынып сағат: «Мектептегі мінез-құлық ережелері» Сыныптан тыс іс-шаралар «Ізгіліктің бір ізі - Алғыс айту» (1-10 сынып)

Сынып сағаты. "Қазақстан бірлігі – халықтар достығында" (1-10 сыныптар)

Сынып сағаты. «Жаман әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» (1-10 сынып) Жалпы жоба шеңберінде ынтымақтастық орната білу, құрдастарының идеялары мен ұсыныстарын құрметтей отырып, топта жұмыс істей алу, ортақ мақсаттарға жету үшін ымыраға келу, ресурстарды ұқыптылықпен пайдалану, өзгенің көзқарастарына құрметпен қарауға жол тапты . Бұл жоба азаматтық білім берудің, елдің заңдары мен мәдениетін құрметтеудің және жастардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуының маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан мектеп оқушыларын тәрбиелеуде оң нәтижесін берді.

6 «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы бойынша мерекелер қарсаңында еліміздің барлық білім беру ұйымдарында «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында жаппай мерекелер, байқаулар, көрмелер, сайыстар, олимпиадалар, фестивальдер өткізіледі.

Жобаның іс-шаралары:

«Ақындар айтысы» поэтикалық сайыстары - #1ТОҚСАН#АҚЫНДАРАЙТЫСЫ#

«Алтын сақа» олимпиадасы – #2ТОҚСАН#АЛТЫН САҚА#

«Ұлттық өнер» көрмесі – #3ТОҚСАН#ҰЛТТЫҚӨНЕР#

«Туған өлкем» фестивалі – #4ТОҚСАН#ТУҒАНӨЛКЕМ#

Жобаның мақсаты: қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу. Сал себепті мектепте бұл іс-шараларға ерекше көңіл бөлінді.

1-тоқсан «Ақындар айтысы» поэтикалық сайыстарына мектебіміздің жас ақыны Сисенбаева Жанерке республикалық, облыстық ақындар айтысына қатысып жүлделі орындар иленеді. Ол мектеп оқушыларымен айтыс туралы және айтыстағы өнер жолы туралы ақпаратпен бөлісті.

2-тоқсан. «Алтын сақа» олимпиадасы Қазақстанда соңғы жылдары ұлттық ойындарға, оның ішінде асық ойындарына деген қызығушылық қайта жандануда. Балалар мен жастар асық ойнауға және өзінің қырағылығын тексеруге көбірек ниет білдіруде.

Асық ойнау – бұл жай ғана ойын емес, дәлдік пен көшбасшылық қасиеттерді дамытатын, оқушылардың логикалық ойлауына оң әсер ететін спорт. Осының барысында мектебімізде «Асық ату» үйірмесі жұмыс істеуде. Үйірмеде асық ату ойындарының түрлерін үйретуде. Ауданымызда өткен Асық ату ұлттық лигасы фестивалінде мектеп оқушылары жүлделі орындарға иеленді.

3-тоқсан . «Ұлттық өнер» көрмесі . Ұлттық өнер» көрмесі балалар мен ересектердің назарын қазақ халқының мәдени мұрасын сақтауға бағытталған. Осы орайда мектебімізде ұлттық көрме дайындалды. Көрмені өткізу кезінде мектептердің жас экскурсоводтары оқушыларды, ата-аналарды, педагогтерді, қонақтарды көрменің экспозицияларымен таныстырды. «Ұлттық өнер» көрмесі Наурыз мерекесінің ажырамас бөлігі болмақ.

4-тоқсан. «Туған өлкем» фестивалі Туған өлкем" фестивалі ұйымдастырылды. Экологиялық бейнероликтер дайындады. "Еко - Bolashak" - абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары жасалынып, экологиялық акциялар жүргізілді.

7. «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасына бойынша «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған. Мектебімізде де осы іс-шараларды өткізу қолға алынған еді.

Жоспар бойынша «Тоғыз айға 9 іс-шара»

- **қыркүйек** Сергіту сәті
- **қазан** Әнұран айту
- **қараша** Асық ату
- **желтоқсан** Шығарма жазу: болашаққа хат
- **қаңтар** Қазақ есебі
- **ақпан** Оқуға құштар мектеп
- **наурыз** Домбырашылар
- **сәуір** Шахмат ойнау
- **мамыр** Жасылмекен

1.қыркүйек-Сергіту сәті. Сергіту сәті челленджі – салауатты өмір салтын насихаттайды. Мақсаты: шаршаудың алдын алу, ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру, дене бітімі бұзылуының алдын алу.

2.қазан-Әнұран айту. «Әнұран айту» челленджі Әнұран – мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Әнұранды орындау – ең алдымен, қазақстандық патриотизмді, азаматтықты қалыптастырады және әрқайсымыздың жеке басымызды дамыту мен қалыптастырудың басым бағыттарының бірі.

3.қараша -Асық ату. «АСЫҚ АТУ» челленджі. Ұлттық ойындар – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Асық ойыны баланың жүйке-жүйесін қалыптастырады, ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін

төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады.

4.желтоқсан- Шығарма жазу: болашаққа хат Челлендж білім алушылардың өз ойын қағаз бетінде жүйелі жазуға, ішкі тұжырымдарын сөзбен жеткізуге үйрету арқылы жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған

5 .қаңтар -Қазақ есебі «Қазақ есебі»челленджі. Математикалық есептер шығару білім алушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға, логикасын, зейінін жаттықтыруға ықпал етеді. Математикалық есептерді шешу білім алушыларды ойлануға, модельдеуге, болжауға және нақты мысалдарды дәлелдеуге негіз болады, бұл күнделікті өмірде ең қарапайым және күрделі мәселелерде оң шешім қабылдауына әсер етеді.

6.ақпан-Оқуға құштар мектеп.«Оқуға құштар мектеп» челленджі отандық және әлемдік озық шығармаларды насихаттауға, білім алушылардың кітап оқуға қызығушылығын, оқу сауаттылығын арттыруға, оқыған кітабын жалпылау және талдау қабілеттерін дамыту негізінде шығармашалық қиялын қалыптастыруға, кітап оқуға құштарлығын арттыруға ықпал етеді.

7-наурыз Домбырашылар. **«Домбырашылар» челленджі.** Домбыра – қазақ халқының қастерлі ұлттық музыкалық аспабы. Бабаларымыздан мирас болып қалған домбыраның тарихи тамыры ғасырларға ұласады. Домбыра – баға жетпес жәдігер, қазақ халқының бойтұмары.

Домбыра тарту арқылы білім алушылардың бойында қазақ халқының мәдени мұрасы дариды, рухани дамуына көмектеседі, эстетикалық тұтастықты қалыптастырады.

8.сәуір Шахмат ойнау. **«Шахмат ойнау» челленджі** ӨТКІЗІЛДІ. Шахмат – көне тарихы бар зияткерлік ойын. Қазір - ең көп таралған үстел ойындарының бірі. Шахматтың тәрбиелік мәні бар: ол тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, логикалық ойлауға және өз іс-әрекетін жоспарлауға үйретеді, зейіннің шоғырлануын дамытады.

9.мамыр Жасылмекен. **«Жасыл мекен» челленджі** өткізілді. Білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті дарытуға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, қоршаған ортаға ғана емес, адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған. Көшеттер отырғызу «мұғалім – білім алушы – ата-ана» үштігінің қарым-қатынасын нығайтуға көмектеседі.

8.«Үндестік» жобасы бойынша атқарылған жұмысы. «Үндестік» облыстық жобасы ата-аналар мен білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылын жақсартуға бағытталған тиімді нысандардың бірі болып табылады.

Жобаның мақсаты: Отбасы мен мектептің әлеуметтік серіктестік қағидаттары мен шарттары бойынша жүйелі, кешенді, үйлестірілген әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық ұзақ мерзімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, ең жоғары құндылықтар адам өмірінің негізі болып табылатын бірыңғай оқу-тәрбие алаңын, бірыңғай әлеуметтік саланы құруға бағытталған. Аз уақыт өтсе де, өзара іс-қимыл нысандарын жетілдіру, ынтымақтастық қырларды айқындау, ақпараттық-әдістемелік жұмыстарды нығайту, ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістемесімен терең таныстыру барысында бірнеше жұмыстар іске асырылды. Екі одақ бірлесіп, ынтымақтасқанда ғана күрмеуі қиын талай мәселелердің түйіні шешілетінін де осы жоба нақтылап көрсеткендей. Тиімді жоба әлеуметтік-психологиялық-

педагогикалық ұзақ мерзімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге бағытталған. Мектебімізде 8-наурыз аналар мерекесі қарсаңында «Үндестік» жобасы аясында «Екі жұлдыз» ән, би байқауы болып өтті. Бұл байқаудың мақсаты мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайта түсу және шығармашылық қабілеттерін шындай түсу болып табылады. Байқауға сынып жетекшілері, ата-аналар, оқушылар қатысты. Мектеп басшысы Ф.Б.Латыпова сәттілік тілеп, «Үндестік» жобасы аясында өткізіліп жатқан іс шараларға ата-аналардың белсенділік танытып, атсалысып жатқандығына ризашылығын білдіріп өтті.

«Екі жұлдыз» байқауының барлық жеңімпаздар дипломдармен марапатталды. Байқау өте қызықты өтті. Байқауға қатысқан ұстаздарға, оқушыларға және ата-аналарға мектеп ұжымы атынан алғыс айтты. «Бұлақ көрсен, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің және ата-ананың басты міндеттерінің бірі.

Ата-аналардың қолдауымен 2023-2024 оқу жылында бірқатар жәрмеңкелер ұйымдастырылды. Аталмыш жәрмеңкелер әр тоқсан сайын өткізіліп, жиналған қаражат қайырымдылыққа жұмсалды. Сонымен қатар, ата-аналар-оқушылар-мұғалімдер арасында «Шұбар доп» волейбол ойындары әр жұма сайын өткізіледі.

2023 жылы «Жаңа жылдық рәсімдеу» аудандық сайысында ата-аналардың бастауымен қар қалашығы жасалып, мектебіміз аудан көлемінде 3 орын иегері атанды. Ата-аналарға алғыс ретінде мадақтамалармен марапаттау жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында барлығы – 6 ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мектебімізде «Үндестік» жобасы аясында ата-аналар мен оқушылардың қатысуымен «Сахнаның сиқырлы әлемі» атты іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – өскелең ұрпаққа отбасы құндылықтарын жете түсіндіре отырып, аса маңызға ие дәстүрлерді атап көрсету, олардың дұрыс қолданылу тәсілдерін жеткізу. Отбасы мен мектептің әлеуметтік серіктестік қағидаттары мен шарттары бойынша жүйелі, кешенді, үйлестірілген әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық ұзақ мерзімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, ең жоғары құндылықтар адам өмірінің негізі болып табылатын бірыңғай оқу-тәрбие алаңын, бірыңғай әлеуметтік саланы құруға бағытталған.

«Үндестік» жобасы аясында өткізіліп жатқан іс шараларға ата-аналар белсенділік танытты. Сахналық көріністен барынша шынайы салт-дәстүр көрінісін көріп, жас буынға жаңа серпін бергендей.

Отбасындағы тәрбие, үлкендердің әрбір сөзі, ісі, мерекелік рәсімдер, салт-дәстүрге байланысты ұйымдастырылған шаралар – баланың қоғамдағы өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына әсер ететін алғы шарттар деуге болады. Салт-дәстүрдің үлгісін отбасында өнеге ретінде көрсете білген ата-ана баланың отбасына, ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға алғашқы қадам жасайды. **«Мен және менің балам» тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты:** Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-

ана бойына өздерін тәрбиеші әрі мұғалім ретінде қарауға жауапкершілігін арттыру. Бала тәрбиесінде мектеп мұғалімдермен, мамандармен, ата-ананың байланысын нығайту, ұстаздармен бірлескен әрекетке тарту. Бұл кездесу барысында бізде мынадай аялдамалар болды. Әр аялдаманың ата-аналарға арналған тапсырмалары мен сұрақтары болады. Сонымен: 1 - аялдама: «Бала - өмір жалғасы», 2 - аялдама: «Жанұя» ойыны, 3 - аялдама: «Ой-толғаныс» Ұжымдық жұмыс, 4 - аялдама: Тренинг «Сиқырлы қарандаш», 5 - аялдама: «Адамгершілік - жылы жүректен», 6 - аялдама. . Бүгінгі кездесуде барлық аялдамалардан өтті. Ата-аналар осы дөңгелек үстел басындағы алған әсерлерімен бөлісіп, пікірі жазды.

«Үндестік» жобасының жұмысын жандандырып, мектебімізде ата-аналармен бірігіп, көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Сол себепті «Үндестік» жобасы аясында мектепшілік іс-шараларға, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан ата-аналарларды мектеп ұжымы атынан «Алғыс хат»-пен марапаттады.

9. «Адал ұрпақ» клубының жылдық жұмысы

«Адал ұрпақ» клубына қатысқан оқушылар саны-25, Азаматтық-патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие аясында білім беру ұйымдарында оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» ұйымының 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай ай сайын іс-шаралар өтіліп отырды. Қыркүйек айында «Адал ұрпақ» клубының жұмысын жандандыру мақсатында ұйым қатысушыларымен кездесу өткізілді. Кездесуге ұйымның барлық қатысушылары белсене қатысты. Жылдық жоспарымен таныстырылды. Қазан айында 5-7 сынып оқушыларының арасында "Адал еңбектің кейіпкері" тақырыпта сурет байқауы өтілді. Оқушылар сурет арқылы "Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек - осы төртеуі кімнің бойында болса сол шын адам болады" деп Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы адал іс- харекет, таза еңбек адамы мағынасындағы қолданыстарды негізге ала отырып, оқушылар өз ойларындағы адал еңбектің кейіпкері бейнесін көрсетті. Қараша айында «Адал ұрпақ» ұйымының мүшелерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Парасатты азамат» бұрышы әзірленді. Желтоқсан айында мектептің 8-9 сыныптар арасында «Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесінде» тақырыбында эссе байқауы өтілді. 15 оқушы қатысты. Мақсаты оқушыларға мемлекеттің қызметтің маңызы мен олардың мақсаттарын, қоғамдық негіздері туралы мәлімет беру. «Қоғамдық тәртіптің негіздері» тақырыпта дискуссиялық практикум өткізілді. Мақсаты оқушылардың танымдық әрекеттерін, балалардың құқықтық мәдениеті мен санасын қалыптастыру. Қызу пікірталас барысында оқушылар жемқорлықсыз мемлекетті қалай көретіндіктері туралы пікірлерімен бөлісіп, құқық және құқықтар ұғымына анықтама беріп, жас өспірім оқушының негізгі құқықтарын түсіндірді. Қаңтар айында «Біздің таңдауымыз-құқықтық мемлекет» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Оқушылардың өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрету. Ақпан айында «Мемлекеттік қызметті алдын алу» тақырыбында 9-10 сыныптардың арасында іскерлік ойын өтілді. Мақсаты

оқушыларды электронды мемлекеттік қызмет көрсету жүйесімен таныстыру, мемлекеттік қызмет көрсету туралы ұғым қалыптастыру. Оқушылар екі топқа бөлініп, 16 ұяшық арқылы сұрақтарға жауап беріп, өздерінің ойларын жеткізе білді. Наурыз айында «Сыбайластық пен жемқорлық-құқықбұзушылықтың картасы» тақырыпта жоба өтілді. Мақсаты қоғамның әр түрлі орталығындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау, Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Оқушылар тақырып бойынша өздерінің презентацияларымен таныстырып, сыбайлас жемқорлықты қалай жеңуге болады тақырыбына кластер құрастырды. Сәуір айында «Сыныптың көшбасшысын сайлау» тақырыбында 5 сыныптың арасында ойын өткізілді. Мақсаты оқушыларды мемлекеттік қызметтің ерекшелігі мен қоғамда алатын орнын насихаттау, олардың әдеп ережелері мен міндеттері жайында толық түсінік беру. Мамыр айында 9 сынып оқушылардың арасында «Адалдық елдік мұрат» тақырыпта қойылым өтілді. Мақсаты сыбайлас жемқорлық туралы қысқаша мағлұматтар беру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және адалдыққа тәрбиелеу.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылындағы жұмысы.

Оқу жылының басында қылмыстардың алдын алу, оқу орнында оқушылар арасында тәртіпті нығайту, әлеуметтік қауіпті отбасылармен жұмыс істеу, кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы әрекеттеріне ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және талдау үшін құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құрылды. Кеңес құрамы бұйрықпен бекітілді. Кеңес төрағасы (мектеп директоры) және кеңес мүшелерінен (мектеп ұстаздары, ата-аналар комитетінің мүшелері) құралған. Жұмыс жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес 7 отырыс өткізілді. Өткізілген профилактикалық отырыстың хаттамалары дер кезінде жазылған. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңес отырысында 4 оқушының тәртібі талқыланды. Отырыстар барысында тәрбие профилактикалық жұмысын оңтайландыру мәселелері қаралды, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізілді. Барлығы 7 хаттама тіркелді. Күн сайын алдын алу жұмыстарына жауаптылар тәрбие жұмысын ұйымдастыру, қадағалаусыз қалудың, мектептегі және мектептен тыс құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін қарастырумен айналысады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі қызметінің мақсаты:

- оқушылардың заңға бағынатын мінез-құлқы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- оқушылардың девианттық және бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу, "әлеуметтік қатер" тобындағы білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту;
- мүшелері арасындағы салауатты қарым-қатынастарды қалпына келтіру және отбасылық тәрбиедегі ауытқуларды түзету мақсатында "тәуекел тобындағы" отбасымен кешенді түзету жұмыстарын жүзеге асыру.

Жітіқара ауданы білім бөлімінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес оқушылардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру, заңды мінез-құлыққа жеке-сана ұмытылысты ояту, оқу-тәрбие процесі кезінде жалпы

адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында ағымдағы жылдың 6 қарашасы мен 6 желтоқсаны аралығында кәмілетке толмағандар арасында азаматтық құқықтық сана мен құқықбұзушылықтың алдын алу айлығы өткізілді. Айлық аясында Естай Есжанов атындағы № 9 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіде мынандай профилактикалық іс-шаралар жүргізілді.

Құқық бұзушылықтың алды алу айлығы бойынша жоспар құрылып, бекітілді. Сол жоспар бойынша құқықтық бұрыш құрылып стенд жаңартылды.

Жітіқара ауданының прокуратурасы полиция бөлімімен бірлесіп, мектебіміздің 7-10 сынып оқушыларымен “Кәмілет жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу” тақырыбында кездесу өткізілді. Тоқсан бойы кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға, сондай-ақ қамтамасыз етуге бағытталған оқу орындарында, орта білім беру ұйымдарында түсіндіру жұмыстарын және тақырыптық сабақтарды ұйымдастырылып және өткізу интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік туралы жарияланып отырды.

Пікірталас қозғалысы шеңберінде құқықбұзушылықтың алдын алу айлығы аясында құқық пәні мұғалімі С. Ж. Қайырбек 9 сынып оқушыларымен “Менің құқығым бар” атты интеллектуалды-танымдық ойын өткізді. Ойын 5 кезеңнен тұрды, барлық оқушылар белсенділік танытып, қатысты. Білім алушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру бойынша сынып сағаттарын, сондай-ақ білім алушылар арасында құқықтық мәдениет және құқықтық сана мәселелерін түсіндіру бойынша ата-аналар жиналыстарын өткізді.

Білім алушылар мен ата - аналарды білім беру ұйымдарына бару арқылы құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша "сенім телефондарының", "байланыс орталықтарының" жұмысы туралы хабардар ете отырып, мектептебімізде "құқықтық сауаттылық – уақыт талабы" құқықтық бұрыштары құрылған.

Құқық бұзушылықтың алды алу айлығы мектебімізде «Заң білмеген зардап шегеді» плакаттар конкурсы (5-7 сынып) мен «Құқық дегенісміз не?» (2-4 сынып) суреттер конкурсы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру сонымен қатар жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру. Сайысқа қатысқан оқушылар жүлделі орындар иеленіп марапатталды.

Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында, оның ішінде құқық қорғау органдарының, заң қоғамдастықтарының қызметкерлерін тарта отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері бойынша құқықтық түсіндіру дәрістері мен 8-10 сыныптар аралығында “Қауіп төнген немесе аяқталған терроризм актісі кезіндегі әрекеттер” тақырыбында полиция инспекторымен кездесу өткізілді. Ауданымыздың орта мектептерінің 9-11 сынып оқушылары үшін "Есірткіні қолдану мен таратудың құқықтық салдары туралы" тақырыбында түсіндіру іс-шараларын өткізілді. Мектебімізде оқушыларға құқықтық сауаттылықты арттыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған тренингтер өткізілді.

Қорыта келе құқықбұзушылықтың алдын алу айлығы құрылған жоспар

бойынша орындалып, қойылған мақсатқа жетті. Барлық жоспарланған іс-шаралар жоғары деңгейінде өтті. Әрбір іс-шараға білім алушылар белсене қатысты. Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланды.

<https://www.instagram.com/reel/CynlKmwNAjd/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/reel/C0OnhHitrkU/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/reel/C0Nxqk9o7jy/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/reel/Czk6XBVtYLi/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/p/C0OnPD7NFU8/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/reel/CzqMaq6ATWr/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/reel/C0Oh-gHNXC6/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/p/C0OheilN0-x/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/reel/C0LkoqItPHd/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/reel/C0ObOOvt6Sd/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

Кәсіптік бағдар беру жұмысын.

"Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру оқу-тәрбие жұмысының құрылымындағы бағыттардың бірі болып табылады және

білім беру процесінің барлық қатысушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектепте ағымдағы оқу жылына мектептің жұмыс жоспарының бір бөлігі болып табылатын кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары бекітілді.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының міндеттері:

1. Оқушыларға кәсіптік өзін-өзі айқындауды шешуде көмек көрсету;
2. Олардың құндылықтық бағдарларын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өмірлік жоспарлары мен перспективаларын ескере отырып,
3. кәсіптерді дербес және саналы таңдауын қалыптастыруға ықпал ету.

Оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмыстың негізгі бағыттары:

Оқушыларды мамандықтар, оларды алу жолдары, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы хабардар ету, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды насихаттау,

басымдықта (техникалық, ауылшаруашылық мамандықтары);

Мамандарды тарту арқылы оқушылардың кәсіби маңызды қасиеттерін диагностикалаудың қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын қолдану;

Мамандық таңдау мәселелері бойынша педагог-психологтың қатысуымен оқушыларға ұжымдық және жеке кеңес беруі;

Кәсіппен танысу және еңбекті ұйымдастыру мақсатында кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастыру;

Оқу орындарының өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру;

Жоғары оқу орындарымен және колледждермен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;

Оқу орындарының Ашық есік күндерін өткізу;

2023 -2024 оқу жылы ағымында келесі бағыттар бойынша кәсіптік бағдар беру жұмысы жүргізілді:

Диагностикалық жұмыс. 2023-2024 оқу жылында 9,10 сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби бейімділігін зерттеу бойынша диагностикалық жұмыс жүргізілді.

Диагностикалық жұмыс нәтижелері бойынша оқушылармен, педагогтармен және оқу орынбасарымен консультациялар өткізілді;

Кеңес беру жұмысы— оқушыларға кәсіби таңдау бойынша жеке кеңес беру жүргізілді. Кәсіби мүдделер анықталды, кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсетілді.

Практикалық жұмыс- әсіресе тренингтер түрінде оқушылармен топтық кәсіптік бағдар беру сабақтары өткізілді. 9-сыныптарда "Кім болғым келеді", "Заманауи мамандықтардың атласы",

"Темперамент және мамандық ", "Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан" , “Болашақ мамандығым-менің тағдырым , "Мамандық күні" тақырыптарындағы кәсіптік бағдар беру бойынша төрт сабақ 2024 жылдың қаңтар айынан ақпан айына дейін өткізілді.

Сабақтың мақсаты: өз болашағын жоспарлауда, өзіне сай мақсаттарды таңдап, алынған нәтижелерді қажетті жағдайларда өзгерту.

Бұл сабақтар қатысушыларды болашақ мамандықты жауапкершілікпен таңдауға ынталандырады. Кәсіби қызметтің бағыттары мен түрлері туралы түсінік қалыптастырылды, жеке өзін-өзі анықтау және өзін-өзі белсендіруге көмек көрсетілді.

Оқу жылының басынан бастап 10- сыныбында «Жаһандық құзыреттіктер» курсы аясында "Бизнес және кәсіпкерлік негіздері" пәні енгізілді, онда рөлдік кәсіптік бағдар ойындары өткізіледі, білім алушыларды кәсіптер әлемімен және кәсіпкерлікке толмағанды жұмысқа орналастыру саласында қорғауға бағытталған базалық құқықтық біліммен таныстырылды.

Ата-аналармен (заңды өкілдерімен) жұмыс:

Кәсіби бағдардағы ең маңыздысы ата-аналармен жұмыс. Ата-аналар өз балаларының өмірлік және кәсіби жоспарларын анықтауға белсенді қатысады. Сонымен қатар, мамандық таңдау және білім беру жолдарын анықтау мәселелері білім алушылардың өздері үшін де, олардың ата-аналары үшін де қиын міндет болып табылады.

Ата-аналар жиналыстарында және сынып сағаттарында, жеке кеңес беру кезінде-сынып жетекшілері қазіргі еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, балалардың одан әрі білім алуын дұрыс таңдаудың маңыздылығы туралы мәселелерді көтереді.

Оқу жылы ағымында 9,10-сыныптарда ата-аналар жиналыстарында кәсіптік бағдар бойынша әңгіме өткізілді:

- "Мамандық таңдау және өзін-өзі анықтау үдерісіндегі ата-аналардың рөлі",

- "Балаға мамандықты таңдауға қалай көмектесу керек?",

- “Зиянды әдеттер мен жасөспірімдер ортасы”.

Ата-аналарға сауалнама жүргізілді:

- "Мамандық таңдау»

Ата-аналар мен түлектерге "Мамандықты қалай таңдау керек" жадынамасы таратылды.

Ата-аналармен жұмыс жоғары оқу орындары/колледж өкілдерінің, педагог-психологтың, сынып жетекшілерінің баяндамаларын қамтиды.

Кәсіби бағдар жұмысын қорытындылай келе, қорытынды жасауға болады:

1. Мектепте қазіргі қоғам экономикасының сұранысын ескере отырып, білім алушыларды кәсіптік бағдарлау бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

2. Кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары жеткілікті деңгейде жүзеге асырылады.

3. Білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруда сыныптан тыс қызметтің әртүрлі нысандары, заманауи педагогикалық технологиялар қолданылады

Педагог-психологтың 2023-2024 оқу жылындағы өткізілген жұмысы.

Педагог-психологтың қызметі бекітілген жылдық жоспарға және лауазымдық міндеттерге сәйкес, мектепшілік жұмыс жоспарында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді ескере отырып құрылды.

Жұмыстың мақсаты: білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау. Оқушылардың тұлғасын дамыту және олардың табысты оқуы үшін оңтайлы жағдайлар жасауға ықпал ету.

Білім беру процесіне қатысушылардың психикалық денсаулығын сақтауда жантанушы келесі **міндеттерді** шешеді:

1. Білім алушылар мен педагогтердің психикалық денсаулығын сақтау;
2. Мектеп процесі шеңберінде және оқу іс-әрекетінен тыс жеке тұлғаның жеке дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау;
3. Мектеп міндеттерін іске асыруда білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету;
4. Білім алушылардың өз денсаулығын сақтауға ынтасын қалыптастыру;
5. Білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық ағарту;
6. Білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу;
7. Ерте алдын-алу және әр жас кезеңінде дамудағы ауытқуларды түзету.

Ұйымдастыру-әдістемелік жоспарда мектеп педагог-психологының қызметі педагог психологтың бекітілген жылдық жоспарына және лауазымдық міндеттеріне сәйкес, жалпы мектептік оқу-тәрбие жұмысының жоспарында айқындалған міндеттерді ескере отырып құрылды. Сондай-ақ жыл басында психологиялық қызметтің жұмыс жоспары және 2023-2024 жылдарға арналған аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс жоспары жасалды.

Жыл сайын "Сенім жәшігі" жұмыс істейді. Балалар мен жасөспірімдердің дамуына теріс әсер ететін аутодеструктивті және суицидті бағыттағы әлеуметтік желілердің, топтар мен қауымдастықтардың апта сайынғы мониторингі үшін мектепте құрамында 5 адам бар қызметкерлер қатарынан мобильді топ үнемі жұмыс істейді. Соның ішінде: ДТІЖО, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, аға тәлімгер, мектеп программисті. Мониторингтің барлық нәтижелері мобильді топтың журналында тіркеледі.

Мектепшілік психологиялық қызмет көрсету құрамына: мектеп әкімшілігі, медбике (келісім бойынша), сынып жетекшілер, барлық пән мұғалімдері кіреді.

Психологтың психологиялық-педагогикалық қызметі дәстүрлі түрде келесі бағыттар бойынша құрылды:

- психологиялық-педагогикалық диагностика;
- түзету-дамыту жұмысы;
- кеңес беру;
- ағартушылық қызмет;
- әдістемелік жұмыс.

Психолого-педагогикалық диагностика:

Жыл бойы мектеп оқушыларын психологиялық тестілеу жүйелерімен толық қамту қамтамасыз етілді. Диагностикалық жұмыс психикалық даму барысын, дамудың жас нормаларына сәйкестігін және оқушы тұлғасының бейімділігін анықтау мақсатында жеке және топтық зерттеулерді; мектепке психологиялық дайындығын анықтауға диагностика; тұлғааралық қатынастарды зерделеуді; мектептегі мотивация деңгейін диагностикалауды; жеке ерекшеліктерін анықтауды (мазасыздық, агрессивтілік) қамтыды. Мектептегі жайлылық деңгейін зерттеу, сонымен қатар мамандық таңдауға дайындықты зерттеу.

1) білім алушылардың өтпелі кезеңдерге бейімделу процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу:

Жалпы мектепке алғаш бару - бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы. Баланы мектепке дайындау дегенде көптеген ата-аналар балаға әріптерді және санауды үйретумен ғана шектеледі. Әрине баланың оқуға дайындығын ақыл-ойының даярлығымен ғана шектеліп қоймай, оның оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Яғни, бұл баланың мотивациялық-қажеттілік және психикалық үрдістерінің дамуы оқуда, қарым-қатынаста қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді.

Жаңа ережелер мен талаптарға бейімделу кезеңі баладан бір айдан бір жылға дейін созылуы мүмкін. Бейімделудің сәтті болуының өлшемі, ең алдымен, оқушылардың психологиялық және физикалық денсаулығының сақталу дәрежесі болып табылады. Сондықтан психодиагностикалық жұмыс 1-ші және 5-ші сыныптарды зерттеуден басталды.

1-ші сыныптардың оқушылары бейімделу процесін зерттеу үшін мынадай әдістер өткізілді:

Қазан айында «Керн-Йрасек» әдістемесі өткізілді. Әдістемеге 1 «А»- 22, оқушы қатысты.

4-тапсырма қорытындысы бойынша оқушылардың ойлау, ой-өріс, әлеуметтік қасиеттерінің дамуы бойынша келесі нәтижелерді көрсетті:

Жоғары- 17-78%, орташа-4-12%, оқушы. Қорытынды: төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілді. Сынып жетекшіге ұсыныстар берілді.

«Баспалдақ» әдістемесі бойынша: оқушылардың 25-31,80,6% - ында өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейі анықталды. Өзін-өзі жоғары бағалау кезінде балалар бәрінен де жақсы болуға тырысады. 6-19,3% - ында өзін-өзі бағалаудың адекватты деңгейі анықталды. Мұндай балалар белсенді, тапқыр, көңілді, көпшіл. Қорытынды: осылайша, әдістеменің нәтижелері бойынша оқушылардың өзін-өзі бағалау жоғары деңгейін көрсетті, төмен нәтиже көрсеткен оқушы анықталмады.

«Ағаштағы адамдар» жалпы, сынып бойынша балалар өздерінің нақты әлеуметтік жағдайын, қалыптасқан ұстанымдарын анықтайды: кедергілерді еңсеру, жайлы жағдай (қалыпты бейімделу), достық қолдау (өзара түсіністік, ынтымақтастық) және нақты ұстанымдар: көшбасшылыққа орнату (өзін-өзі көрсету, өз мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін көрсету). Бірақ оқушылардың арасында үрей, тұйықтық, шектеулік бар оқушылар

анықталды. Сынып жетекшіге ұсыныстар берілді.

Білім алушылардың орта білім деңгейіне өту кезіндегі бейімделу ерекшеліктері үшін мынадай әдістер өткізілді:

2023 жылдың қазан айында бесінші сынып оқушыларының әлеуметтік бейімделуіне зерттеу жүргізілді. Алынған нәтижелерді талдау бейімделу процесі қалпында жүретіндігін көрсетеді. Әдістемеге 22 оқушы қатысты. Келесі нәтижелерді көрсетті:

«Мектепке деген мотивациясының деңгейі» Н.Г Лускановой әдісі бойынша алынған нәтижелерді талдау келесі нәтижені көрсетті : мектептегі мотивацияның, оқу белсенділігінің жоғары деңгейі: 1 оқушы, 5,5% құрайды.

Жақсы мектеп мотивация 5-27,7% оқушы ,оқу іс-әрекетімен сәтті айналысады. 9 -50 % оқушының мектепке деген оң көзқарас, бірақ мектеп мұндай балаларды сабақтан тыс жұмыстармен тартады.

Әдістеменің нәтижелері көрсеткендей, балалардың көпшілігі мектепке оң көзқараспен қарайды, оқу іс-әрекеті қалыпты деңгейде.

Қазан айында 5 сыныпта мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Филлипс әдістемесі өткізілді. Сәуір айында қайта тексеру барысында 5 сынып оқушыларының психоэмоционалды жағдайы мектептегі жалпы мазасыздықпен де, мектептегі мазасыздықтың жеке көріністерімен де талданды. Алынған мәліметтерді қорытындылай келе қазан айында 17 оқушының яғни 94,1% да қалыпты мазасыздық деңгейде екені анықталды. Сәуір айында қайта тексеру барысында тестке қатысқан 13 оқушыдан, 2 оқушы мазасыздықтың орташа деңгейін көрсетті. 11 оқушы мектепшілік мазасыздықтың төмен деңгейін көрсетті. Жоғары мазасыздық деңгейі анықталмады. Сынып жетекшіге ұсыныстар берілді.

10 сыныпта мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым – қатынастағы қиыншылықтарды уақтылы анықтау үшін, сондай-ақ бейімделу деңгейін анықтау үшін психологиялық зерттеу жүргізілді-10 сынып оқушыларының бейімделу мүмкіндіктерін зерттеу, оқу мотивациясының деңгейін анықтау.

Оқу мотивациясы» М.И. Лукьянова, Н.В. Калинина.М әдістемесі өткізілді. Әдістемеге 14 оқушы қатысты. I –өте жоғары оқу мотивация деңгейі 2 - 14,2%, II –жоғары оқу мотивация деңгейі 5-35,7%,III –орташа оқу мотивация деңгейі 6 -42,8%, IV –төмен оқу мотивация деңгейі 1 -10%, V –өте төмен оқу мотивация деңгейі 0%.

Қорытынды: Оқушылардың ішкі мектеп мотивациясының сыртқы мотивациядан басым болуы байқалады. Оқушылар оқуға оң көзқараспен қарайды, мектепте эмоционалды жайлы сезінеді, олар оқушының рөлін қабылдайды, жоғары оқу белсенділігі мен тұрақты танымдық қызығушылықтары бар.

Оқу жылы барысында оқушылармен түрлі бағыттар бойынша топтық және жеке диагностика жүргізілді. Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың, психобелсенді заттарды қолдану белгілерін анықтау бойынша сауалнама, зорлық-зомбылықтың және қатыгез қарым-қатынастың алдын-алу бойынша тоқсан сайын диагностикалық зерттеу жүргізілді.

Кәсіби өзін-өзі анықтауға, өз кәсіби қызығушылықтарын,

бейімділіктерін, қабілеттерін зерттеу үшін 8-10 сыныптарда В.Климов «Кәсіби-бағыт бағдар жеке тұлға типін анықтау» диагностикалық әдістемесі жүргізілді. 9-10сыныптарда В. Б. Успенскийдің "оқушылардың мамандық таңдауға дайындығы"әдістемесі өткізілді. Оқушылардың дарындылық бағытын анықтау үшін 2-4 сыныптар аралығында «Қызығушылық картасы» атты диагностика өткізілді. 8-10 сыныптар аралығында «Прогрессивті матрицалар»Дж.Равена әдістемесі өткізілді.

Білім алушылардың бастауыш мектептен орта буынға ауысуы кезіндегі сабақтастық мәселелері және оларды шешу жолдарын анықтау үшін 4 сынып оқушылармен социометрия әдісі, «Жасөспірімдердің мазасыздану деңгейін диагностикалау Р. Кондаш, модификация А. Прихожан әдістемелері өткізілді.

Түзету-дамыту жұмысы:

Жеке,топтық түзету және дамыту жұмыстары оқушылармен жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді. Түзету және дамыту жұмысы оқушылардың танымдық, эмоционалды, мінез-құлық және коммуникативті салалардағы қиындықтарды сәтті бейімдеу және жеңу үшін қажетті қасиеттерді дамытуға бағытталған. Мектебімізде I жарты жылдық бойынша 1 оқушы «ерекше назар тобында» тіркеуде болды. Бұл оқушымен және отбасымен жеке түзету жұмысының жоспары бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесінде бұл оқушы тіркеуден алынды, ЮПТ есебінде оқушы жоқ, бейберекетсіз отбасы тізімінде-3 отбасы тіркелді, қазіргі таңда – 1 отбасы. Мектеп ішіндегі бақылауында 1 оқушы болды.

Тізімде тұрған оқушылармен , отбасылармен жеке коррекциялық психологиялық жоспарға сәйкес келесі жұмыс түрлері өткізілді:

- Жеке психологиялық картасы толтырылды;
- Жеке әңгіме-кеңестер;
- Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру;
- Жеке және топтық диагностикалық әдістемелер.

Кеңес беру қызметі:

Өткен кезеңде (жеке және топтық) кеңес өткізілді: оқушылар үшін, сондай – ақ -мектеп мұғалімдері мен оқушылардың ата-аналары үшін.

Кеңес беру процесі әдетте екі кезеңнен тұрды:

- а) бастапқы кеңес беру – оның барысында негізгі деректер жиналады және сұрау нақтыланады;
- б) қайта консультация беру – диагностикалық әдістердің көмегімен неғұрлым объективті ақпарат алу үшін проблема бойынша одан әрі жұмыс жоспарын айқындау;
- в) сонымен қатар, ата-аналар мен мұғалімдерге баламен қарым-қатынас және қиындықтарды жеңу жолдары туралы ұсыныстар берілді.

Негізгі контингент жасөспірім балалар мен оқушылардың ата-аналары болғандықтан, сұраныстардың көпшілігі тұлғааралық қиындықтар байланысты.

Консультациялардың негізгі тақырыптары:

- құрдастарымен қарым-қатынастағы қиындықтар;
- эмоционалды-мінез-құлық қиындықтары (агрессивтілік, мазасыздық, демонстрация және т. б.);

- оқу қиындықтары;
- диагностика нәтижелері бойынша кеңес беру.

Жалпы, өткен кезеңде жүргізілген кеңес беру жұмыс өте тиімді болды және кеңес беру қызметтің барлық қажетті міндеттерін шешуге мүмкіндік берді деп санауға болады. Алайда, көбінесе кеңес беру бір реттік сипатта болды.

Ағартушылық бағыттағы жұмыс мынадай іс-шараларды қамтыды:

Қыркүйек айында ата-аналар жиналысында «Жеткіншектер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» түсіндірме жұмысы жүргізілді, нұсқаулық ретінде буклеттер таратылды.

«Отбасы арасындағы ата-ана мен баланың сенімді қарым-қатынасы» тақырыбында ата-аналармен кездесу.

«1-ші сынып оқушылардың мектепке бейімделуі» 1 сынып оқушыларының ата-аналарына мектепке бейімделуіне көмектесу. Ата-аналар диагностика қорытындысы бойынша оқушылардың нәтижелерімен таныстырылды.

«Психологиялық денсаулық күні» аясында оқушыларға буклет таратылды, «Психикалық денсаулықты қалай сақтауға болады?» тақырыбында әңгіме-кеңес өткізілді.

28.10.2023ж кездесуде орталық аурухананың СӨС медбикесі Камракова С.И 8-11 сынып оқушылары арасында «Темекі, Ішімдік, Нашақорлық» тақырыбында кездесу өтті.

«Егер қиын болса қоңырау шал» жарнамалық-түсіндіру акциясы.

«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні» республикалық акция аясында мектебімізде «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында ата-аналар жиналыстары өтті.

Психолог күніне орай «Жауап сізден, сыйлық бізден» акциясы.

16.02.2023ж «Кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу» тақырыбында облыстық жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

«Отбасы клубы» жоба аясында ай сайын мектебімізде ата-аналармен отырыстар өтеді. Отырыстарда қарастырылатын сұрақтар:

- Әлеуметтік желідегі интернет қауіпсіздік ережелері;
- Кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлық пен психобелсенді заттарды қолданудың алдын алу;
- Жасөспірімдер арасындағы жыныстық қол сұғушылық;
- Жасөспірімдер ортасындағы буллинг және кибербуллингтің алдын алу.

Әдістемелік жұмыс

келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Дамыту, түзету және білім беру бағдарламаларын әзірлеу. а) ата-аналар жиналыстарында және педагогикалық кеңестерде сөз сөйлеу; б) диагностикалық әдістемелер базасын құру болды.

2. Диагностика нәтижелерін өңдеу және талдау, оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға ұсыныстар дайындау.

3. Балаларды дамыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша әдебиеттерді талдау.

4. Педагог-психологтың құжаттамасын рәсімдеу.

Өткен кезеңдегі жұмысты талдай отырып, барлық қызмет келешекке жұмыс жоспарына сәйкес және барлық бағыттар бойынша жүзеге асырылды деп

айтуға болады. Жүргізілген жұмыс өзінің кәсіби мүмкіндіктерін анықтауға, сондай-ақ іске асырудың негізгі жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

Келесі оқу жылы:

- Өткен жылғы іс-әрекетті талдауды ескере отырып, жұмысты жоспарлау, педагог-психологтың келешекке жоспарын, педагогикалық құраммен жұмыс жоспарын жетілдіру, педагог қызметкерлердің ресурстық жағдайын сақтау бойынша формалар мен әдістерді кеңейту.

- Мектепте тұрақты қолайлы психологиялық ортаны сақтау бойынша жұмысты жалғастыру.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы диагностикалық сараптама

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда мұғалімдерден, ата-аналардан, оқушылардан сауалнама алыныған болатын.

Бұл сауалнамаға қатысқандар саны-93

Мұғалімдер-16 мұғалім.

Мұғалімдерге сауалнама

1. Сіздің білім беру ұйымыңызда қандай тәрбие бағдарламасы жүзеге асырылады? 2.

Бірыңғай білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты қандай?

3. Бірыңғай білім беру бағдарламасының негізі қандай құндылықтар болып табылады?

4. "Ұлттық мүдде" құндылығының негізіне не жатады ?

5. «Ар ұят» құндылығының негізінде не жатады?

6. «Талап» құндылығының негізінде не жатады ?

7. Бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру жөніндегі кешенді жоспарға қандай жобалар енгізілген?

8. Сіздің ойыңызша, бірыңғай тәрбие бағдарламасы тиімді бола ма

Ата-аналар- 26 ата-ана.

Ата-аналарға сауалнама

1. Сіздің балаңыз оқитын білім беру ұйымында қандай тәрбие бағдарламасы жүзеге асырылады?

2. Сіз бірыңғай білім беру бағдарламасын жүзеге асыру туралы білесіз бе?

3. Бірыңғай білім беру бағдарламасының негізі қандай құндылықтар болып табылады?

4. Сіз балаңыз оқитын мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы туралы білесіз бе?

5. Олай болса, сіз қандай педагогикалық қолдау алдыңыз?

Оқушылар -51 оқушы

Оқушыларға сауалнама

1. Ұлттық құндылықтарға арналған сынып сағаттары өткізіле ме?

2. Бірыңғай білім беру бағдарламасымен танысу кезінде қандай құндылықтарды білдіңіз?

3. "Ұлттық мүдде" құндылығының негізіне не жатады ?

4. «Ар ұят» құндылығының негізінде не жатады?

5. «Талап» құндылығының негізінде не жатады ?

6. «Жеткіншектің Жеті Жарғысы», «Еңбегі адал Жас өрен», «Балалар

кітапханасы», «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобаларын білесің бе?

7. Сіз осы жобалармен қандай іс-шараларға қатыстыңыз?

Бұл сауалнаманың нәтижесінде:

Мұғалімдер бұл бағдарламаны, құндылықтарын білетіндігін көрсетіп, жақсы жауап берді яғни 100 пайыз. Ал ата-аналардың жауабы орташа деп есептелді. Себебі кейбір ата-аналар кейбір сұрақтардың жауабын білмегендіктен қате жауап берді. Оқушылардың жауабы жақсы деуге болды. Арасында кейбір оқушылардың жауаптары қанағаттанарлық болды.

Осыған байланысты ата-аналар мен оқушыларға алдағы уақытта түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ақпарат беріледі. (Жиналыстарда, сыныптан тыс сағаттарда). Бұл жұмыс жыл сайын қадағаланып отыратын болады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша мемлекеттік мүдделі органдармен бірлескен іс-шаралар.

Біздің қоғамның маңызды міндеттерінің бірі - өскелең ұрпақты тәрбиелеу, оны ел тағдыры мен оның қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті қабылдауға жан-жақты дайындау. Тәрбие – ұрпақты биік мұраттарға жетелейтін сапалы білімнің негізі. Ол адамның жан дүниесін жақсылыққа толтырып, құнды адами қасиеттерге толтырады. Ал қазіргі заман – өзгермелі әлемдегі жасампаз ұрпақ дәуірі. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ ұлағатты болады.

Мектебімізде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыруда мемлекеттік мүдделі органдармен бірлескен біршама межелі нәтижеге бағытталған жұмыстар атқарылды.

Оның дәлелі:

1. «Жітіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ ұйымдастыруымен «Тіл шамшырағы-2023» байқауына ағылшын тілі мұғалімі Умиралінова А.Б. қатысып 1-орынға ие болды.

2. «Жітіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ ұйымдастыруымен «Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы» аудандық сайысына өз үлесімізді қосып, бас жүлдені жеңіп алдық.

3. «Жітіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің "Аудандық мәдениет Сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының ұйымдастыруымен «Өнерім саған Қазақстан» атты көркемөнерпаздар фестиваліне қатысып, жүлделі 2-орынға иелендік.

"Жітіқара ауданының жастар ресурстық орталығы" КММ ұйымдастыруымен Ауғаныстандағы кеңес әскерлерінің шығарылуының 35 жылдығына арналған ән байқауын қатысып жүлделі орындарға ие болды.

5. «Жітіқара ауданының жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен «Ата салтым-асыл қазынам» атты аудандық фестивальге де өз үлесімізді қоса отырып, бас жүлдені жеңіп алдық.

6. Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің «Жітіқара ауданы білім беру қызметкерлерінің кәсіптік одағы филалының ұйымдастыруымен «Көктем аруы-2024» байқауына Сапабеков А.Е қатысып, «Өнерлі ару» атанды.

7. Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің «Жітіқара ауданы білім беру

қызметкерлерінің кәсіптік одағы филалының ұйымдастыруымен Жітіқара ауданы білім қызметкерлер спартакиадасында Охан Зура 3-орын иеленді.

8.«Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы»ММ ұйымдастыруымен «Облыстық «DODA»дарынды және шығармашыл балалар лигасы» жобасында бас жүлдені мектебімізді «Қыран»тобы иеленді.

Мектебіміз «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыруда мемлекеттік мүдделі органдармен бірлескен жұмыс жалғасын табады.

2023-2024 оқу жылындағы жетістіктер.

1.Педагогтар арасындағы аудандық шахмат турнирінде командалық 3-орын Баймуханбетов Б.Р 1-орын

2.Аудандық “Ы.Алтынсарин оқулар -2023” байқауында

Рысбеков Алижан 1-орын

Болатқызы Қарақат 3-орын

3.Б.Майлиннің 130жылдық”Халық тудырған талант”аудандық байқау

Сисенбай Жанерке 1-орын

Рысбеков Алижан 1-орын

Бердимуратова Алия 2-орын

4.1 Республикалық “Оян қазақ”шығармашылық байқауында

Рысбеков Алижан 1-орын

5.2 Республикалық “Шәкәрім оқулары” облыстық байқауы

Рысбеков Алижан қатысқаны үшін

6.Торғайдағы ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин іргетасын қалаған қазақ мектебінің ашылғанына – 160 жыл аудандық «Асық ату» 1-2 орын

7.Аудандық “Қыз сыны” байқауында Маратова Толғанай “Бас жүлде “

